

Сүт және сүт тағамдары



Сабақ мақсаты:

Білімділік: Қазақтың ұлттық сүт және сүт тағамдарының түрлері, дайындау тәсілдері туралы түсінік беру, білімдерін тереңдету, оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын, теориялық және практикада алған білімдерін күнделікті тұрмыста пайдалануға бағыт-бағдар беру;


Дамытушылық: Өздіктерінен жұмыс істеуге, салыстыруға, бірінің пікірін бірі дамыта отырып, өзара сыйласуға, қорытынды шығаруға машықтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Тәрбиелілігі: Оқушыларды ұқыптылыққа, үнемділікке, әдептілікке баулып, салт-дәстүрді сақтап, өз орнын таза ұстауға, қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу.






Сүт дәрумендердің көзі. Сүттің құрамында адам ағзасына қажетті барлық дәрумендер (ақуыз, майлар, көмірсутегі, минералды тұздар) бар. Көбінесе оны балалар тамағында және емдік қасиетіне қарай қолданылады. Сүт тағамдары денсаулыққа пайдалы және қоректі қасиеті де мол. Ақуыз ағзаның ішінен өздігінен пайда болмайды, ол ағзаға тек қана тағам арқылы келеді, сол себепті күнделікті тағам мәзіріне сүт тағамдарын қосып тұру керек.



Кезінде академик И. П.
Павлов сүтті
"табиғаттың өзі
дайындаған тамаша
тағамы" деп бағалаған.
Біз тамақ ішу үшін өмір
сүрмейміз, өмір сүру
үшін тамақтанамыз.



Сөздік жұмыс.

Сүт

Уыз

Ұйытқы

Торта

Адал

малдан алынатын өнім



ТӨЛДЕГЕН МАЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚОЮ СҮТІ



сүтті ұйыту үшін
мәйек, айран
сияқты ащылар
"ұйытқы" деп
аталады



май
қайнатқанда
шығатын
тұнба



таза, жейтін
тамақ



Тест сұрақтарын орындау

1. **Уыз** неден жасалады?

а) ашыған сүттен

ә) сүттен

б) төлдеген малдың

алғашқы күнгі сүтінен

2. "**Лактоза**" дегеніміз

не?

а) сүттің қанты

ә) сүттің майы

б) сүттің минералды

тұздары

3. **Шұбатты** қай түліктің сүтінен әзірлейді?

а) сиыр сүтінен

ә) түйе сүтінен

б) биенің сүтінен

4. **Тағамды** дайындамас бұрын ең алдымен нені сақтау керек?

а) техника қауіпсіздігін

ә) тамақтану мәдениетін

б) санитарлық-гигиеналық талабын

Сүт және сүт тағамдарына ырымдар мен тиымдар.

- Жерге төгілген ақты (сүт, айран, т.б) басуға болмайды. Сүт төгілген жерге тұз себеді.
- Сауылған сүттің бетін ашық қоймайды.
- Сүтті үрлеп ішпейді, майлылығы азаяды.
- Сүттен жасалған тағамдарды жерге төгіп тастауға болмайды.
- Сүт сауатын шелекті су басына апаруға болмайды, құты кетіп қалады.
- Түнде тамақтың бетін жауып қояды.
 - Қол жумай ақты ішпейді.

Ақ алып шығу салты

Оқушының пікірі. Ақ алып шығу(салт -ырым) қазақ халқы сүтті, қымызды, шұбатты, айранды т.б сүт тағамдарын "ақ"деп атайды да оны қасиетті киелі, зат санатына жатқызады. Сол сияқты ақ түсі де киелі, адалдық ұғымдарды білдіреді. Халық дәстүрінде ауылға келген көш алдынан шығу-адамгершілік, мұсылмандық, көршілік парыз. Ақ алып шығу "осы ақтай таза болайық"деген тілекті білдіреді. Мұндай жағдайда жаңа көшіп келгендер ризалық білдіріп алғыс айтады.

Ақ құйып шығару салты

Ақ құйып шығару(салт-ырым). "Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады"(мәтел).

Халқымыз ақты жерге төкпейді, аяққа баспайды. Ал кейде сол ақты жерге төгетін де ырымдар бар, мысалы:қалың өрт келгенде алдын ақ шашады, сол сияқты үйге жылан кіріп кеткенде де оның басына ақ сүт немесе айран құйып, үйден шығарады. Мұндай әдет халықтың өз аулына немесе үйіне дос, дұшпанына да алдымен құрметпен қараудан шыққан болуы керек.

PAXMET

